

КеАҚ «ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»

Медицина және денсаулық сақтау факультеті

БЕКІТІЛДІ

**Медицина және денсаулық
сақтау факультетінің оқыту және
оқу сапасы жөніндегі
академиялық комитеті**

**Хаттама № 1
«26»_ қыркүйек 2024 ж**

**ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ
ІШКІ АУРУЛАР/ВНУТРЕННИЕ БОЛЕЗНИ/ INTERNAL
MEDICINE**

4 КУРС

**6B10 ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ
ОҚЫТУ БАҒЫТЫНДА 6B101 ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
6B10103 ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА
6B10103 ОБЩАЯ МЕДИЦИНА
6B10103 GENERAL MEDICINE**

Бағдарламаның мақсаты-оқыту нәтижелеріне сәйкес білім беру бағдарламасы бойынша оқу процесінде 4 курс студенті алған білім, білік пен дағдылар кешенін бағалау

Емтихан 2 кезеңнен тұрады.

1 кезең- тестілеу. Оның мақсаты-студенттердің теориялық дайындық деңгейін, дағдыларды меңгеруін, кәсіби қызметке дайындығын, кәсіби ойлаудың даму дәрежесін тексеру.

2 кезең-стандартталған науқаспен ОҚКЕ әдістемесі бойынша практикалық дағдыларды бағалау. Оның мақсаты-мамандықтың біліктілік талаптарына сәйкес тәжірибелік және коммуникативтік дағдыларды көрсету.

Әр пән бойынша емтиханды бағалау мыналардан тұрады:

1 кезең тест бойынша бағалау – 40%

2 кезең тәжірибелік тиісті станциялары үшін бағалау кезеңі – 60%

Емтихан бакалавриат бағдарламасы бойынша оқу аяқталғаннан кейін академиялық күнтізбеге сәйкес өткізіледі.

Тестілеу - әр студент әр пән бойынша 100 тест тапсырады – барлығы 100 тест

ОҚКЕ – әр студент 2 станциядан тапсырады (әр пән бойынша 1 станция):

1. Ішкі аурулар/Внутренние болезни/Internal medicine
2. Шұғыл жағдайлар/Неотложные состояния/ Urgent conditions

1. КЕЗЕҢ

Бөлімдер	№	Тақырыптар	Барлығы
		Ішкі аурулар	100
Пульмонология	1	Бронхиттер. ЖРВИ. Тұмау. Вирустық пневмония және ЖРДС	6
	2	Ауруханадан тыс пневмония. Пневмонияның асқынулары. Өкпенің іріңді аурулары. Сепсис. ДТІҰ-синдромы. Ауруханалық пневмония және иммунитет тапшылығы бар адамдардағы пневмония	6
	3	Бронх демікпесі. Бронх демікпесі кезіндегі асқынулар мен шұғыл жағдайлар. Анафилаксия, анафилаксиялық шок.	7
	4	ӨСОА	3
	5	Тыныс жетіспеушілігі. Жедел және созылмалы өкпетекті жүрек	2
Кардиология	6	Жүрек ишемиялық ауруы. Тұрақты күштемелік стенокардия. ЖИА емі. Жүректің созылмалы шамасыздығы	7
	7	Жедел коронарлық синдром (ЖКС). Миокард инфаркті. Миокард инфарктінің асқынулары. Жүректің жедел шамасыздығы	5
	8	Артериялық гипертензия. Аритмиялар	7
	9	Миокардиттер. Кардиомиопатиялар. Перикардиттер	2
	10	Жүрек ақаулары (туа пайда болған және жүре пайда болған)	5
	11	Инфекциялық эндокардит	2
Ревматология	12	Ревматизмдік жедел қызба және жүректің созылмалы ревматизмдік ауруы	3
	13	Бір буын және бірнеше буындар зақымдалғанда, жүйке-бұлшықет жүйесі зақымдалғандағы дәрігерлік тактика	2
	14	Ревматоидты артрит.	5
	15	Серонегативті спондилоартропатиялар	3
	16	Дәнекер тіннің жүйелі аурулары. Жүйелік васкулиттер.	3
Гастроэнтерология	17	Өңеш аурулары. Созылмалы гастриттер, дуодениттер. Асқазан және он екі елі ішек жар ауруы. Анемиялар. ТЖА, В-12 – дефициттік анемия.	5
	18	Холестероз, созылмалы холецистит, өт-тас ауруы. Созылмалы панкреатит	3
	19	Спецификалық емес жаралы колит. Крон ауруы.	3
	20	Вирустық гепатиттер.	4
	21	Диагностикасы мен клиникалық көріністері, вирусқа қарсы терапия. Гипоплазиялық және гемолиздік анемиялар. Тромбоцитопениялар	5
	22	Бауыр циррозы. Бауыр циррозының асқынулары. АІЖ-ның ісіктері	5
Эндокринология	23	Қант диабеті. Қант диабеті кезіндегі шұғыл жағдайлар. Семіздік және метаболизмдік синдром.	5
	24	Қалқанша безі мен қалқанша маңы бездерінің аурулары	3
	25	Гипоталамо-гипофиздік жүйе және бүйрек үсті бездерінің аурулары	3
Нефрология	26	Бүйрек аурулары кезіндегі негізгі синдромдар, зәр шығару жүйесінің инфекциясы	6
	27	Гломерулалық аурулар	4
	28	Бүйректің жедел зақымдалуы	2
	29	Бүйректің созылмалы ауруы	3

2 – КЕЗЕҢ

Пән бөлімдері	Сценарилер
Ішкі аурулар	
Пульмонология	1. Ауруханадан тыс пневмония 2. ӨСОА 3. Саркаидоз
Кардиология	4. Артериялық гипертензия 2 дәрежесі, қауіп 4. 5. ЖИА 6. ЖСРА, митралді стеноз/қолқо жеткіліксіздігі
Гастроэнтерология	7. ГЭРА/Ойық жара ауруы 8. Созылмалы вирусты С гепатиті
Гематология	9. В-12 дефициттік анемия/апластикалық анемия 10. Созылмалы лимфолейкоз/ созылмалы миелолейкоз
Нефрология	8. Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі
Эндокринология	9. Тиреотоксикоз
Ревматология	10. Ревматоидты артрит/жүйелі қызыл жегі 11. Анкилоздаушы спондилит
Жедел жағдайлар	1. Астма статусы
	2. ЖРДС
	3. Анафилактикалық шок
	4. ЖКС
	5. Пароксизмальды тахикардия
	6. СД 2 типіндегі науқастардағы диабетикалық кома

Емтихандарды тапсыру реті

1 кезең – Proprofs-да MCQ бойынша тестілеу.

Әр бір студенттен 100 тест сұрағына жауап беру сұралады. Әр бір сұраққа 1,5 минут уақыт беріледі.

Тестілеу әр топтың емтихан кестесіне сай жүргізіледі.

2 кезең - ОҚКЕ (объективті құрылымдық кешенді емтихан) симуляциялық орталықта стандартталған пациентпен 2 станцияда өткізіледі

Әр бір студентке идентификациялық нөмір тағайындалып, ол нөмірге белгілі бір сценарийлер жиынтығы сәйкес келеді. Әр студент 2 станциядан өтіп, әр станциядаға 30 минут уақыт беріледі. Студенттің сценарийлерге жауаптары ауызша және жазбаша түрде берілуі тиіс.

Әр станциядағы тапсырмалар (тапсырмалар матрицасына сәйкес) клиникалық жағдайларға негізделіп жасалынған.

Станция 1– «Ішкі аурулар» - Студент белгілі бір патологияда (клиникалық жағдайлар тізіміне сәйкес) стандартталған пациентте (қарау, пальпация, перкуссия және аускультация) және симуляторда (аускультация) анамнез жинау, физикалық тексеру дағдыларын, табылған нәтижелерді анықтап, интерпретациялау және жетекші синдромды таба алу қабілетін көрсету керек. Студент пациенттің шағымдары, анамнезі, физикалық тексеру нәтижелеріне сүйене отырып, болжамды диагноз қойып, пациентті тексеру жоспарын құра алу керек. Қажет болғанда лабораториялық-аспаптық зерттеу нәтижелері (қан талдауы, биохимиялық анализ, ҚСЖ, иммунологиялық сынамалар, плевра сұйықтығының талдауы, Р-грамма, КТ, МРТ, псирография, ЭКГ; ЭхоКГ, УЗИ, эндоскопия және т.б.) беріледі. Мәліметтер кешенінің негізінде студент қорытынды диагноз қойып, ем тағайындау қажет.

2 станция – **Шұғыл көмек көрсету** – студент пациенттің жағдайын жылдам бағалау дағдысын көрсетуі тиіс, шұғыл көмек қажет ететін жағдайдың диагнозын критерийлер бойынша анықтап, алгоритм бойынша көмек көрсетуі тиіс, қажет болған жағдайда өз әрекеттеріне түсініктеме беріп отыруы керек; көрсетілген көмектің тиімділігін бағалау, мүмкін болатын асқынулары мен салдары бойынша білімін көрсетуі қажет. Сондай-ақ шұғыл көмек көрсету барысында іс-әрекеті мен өз өзін ұстауы, науқастың жағдайы мен қауіпсіздігіне көңіл бөлетіндігі бағаланады.

Әр станциядағы тапсырмалар жиынтығы әр студент үшін ерекше және қайталанбайды.